

Жұмыстың орындалу тәртібі:

1. Жинақталған тәжірибе мәліметтері біртіндеп толтырылатын және өлшеу мен есептеу нәтижелері енгізілетін кесте сызылады.
2. Штангенциркульмен сақинаның ішкі және сыртқы диаметрі өлшенеді. Сақинаны штангенциркульмен майыстырып алмай өлшеп алу керек. Содан кейін ішкі және сыртқы диаметрдің орташа мәндері есептеледі.
3. Сақинаның бетін кірден, майдан тазарту керек.
4. Тәжірибенің басында және соңында сұйықтың температурасын өлшеп алу керек. Себебі α температураға сезімтал келеді.
5. Зерттелінетін сұйық құйылған ыдыс сақинаның астына орналастырылады. Сақинаның түп жағы сұйықтың бетімен жанасқанша сұйық құйылған ыдыс жоғары көтеріледі. Шкаланың бойынан көрсеткіштің орнын (1) белгілейміз.
6. Сақина сұйықтың бетінен үзілгенге дейін ыдыс тұрған тақтайшаны жайлап төмен түсіреміз. Ыдыс орналасқан тақтайшаны төмен түсіру кезінде көрсеткіш қозғалысын мұқият қадағалай отырып сақинаның сұйықтан үзілген мезеттегі орнын белгілеп (2) аламыз.
7. (4) мәнін анықтаймыз.
8. Сақинаны тазалап сүртіп, судан алып қоямыз және (5) тармақтардағы бақылауды үш рет қайталап, серіппе созылуының орташа мәнін есептейміз.
9. Серіппе қабыршақ үзілген мезеттегі көрсеткіштің орташа қалпына дейін $\alpha < 1 >$ созылғанша сақинаға гіртастар салынады.
10. Зерттеліп отырған сұйықтың тәжірибеде жүргізілген температурадағы беттік керілу коэффициентін (1)-ші формуламен есептейміз.
11. Беттік керілу коэффициентін α анықтағанда жіберілген абсолют және салыстырмалы қателерді мына формуламен анықтаймыз:

$$\frac{\Delta \alpha}{\alpha} = \frac{\Delta P}{P} + \frac{\Delta \pi}{\pi} + 2 \frac{\Delta D}{(D+d)}$$

№	D	d	$\frac{\Delta \alpha}{\alpha}$	$\frac{\Delta P}{P}$	$\varepsilon = \frac{\Delta \alpha}{\alpha} * 100 \%$	$\alpha_{\text{шын}} = \frac{\alpha}{\Delta \alpha}$
1						
2						
3						
Орта мәні						